

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Хромтау ауданының әкімі Нұрхан Тілеумұратов бірқатар ауылдық округтер мен Хромтау қаласындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың құрылыс барысымен танысып, мердігер ұйымдардың жұмыс сапасын тексерді.

Алдымен аудан басшысы Хромтау қаласында салыннып жатқан көпқабатты үйлердің құрылыс жұмыстарымен танысты.

Одан әрі Дөң ауылына барған Н.Тілеумұратов автомобиль жолдарының құрылысын, мәдениет үйінің салынуы мен тұрғын үйлердің бой көтеруін тексерді.



серді. Әкім аталған нысандардың ауыл инфрақұрылымын жақсартуда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Сондай-ақ, аудан басшысы Никельтау ауылы бағытындағы автожол құрылысының жайын, «Никельтау жылу» МКК-нің су айдау станциясының жұмысын және тұрғын үйлер құрылысының барысын қарап өтті.

Тассай ауылдық округінде Нұрхан Тілеумұратов «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясындағы жылыжай жұмысымен, «Алтын дән және К» ЖШС өндірістік базасының қызметімен және қайта жөндеуден өткен мәдениет үйімен танысты. «Әлеуметтік жобалардың тиімділігі мен тұрғындарға берер пайдасына ерекше назар аударылады», — деді аудан әкімі Н.Тілеумұратов сапар барысында.

Ақжар ауылында салынып жатқан екі пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысын, Жазық ауылында Самара–Шымкент республикалық автожолының реконструкция жұмыстарын, жаңа мектеп құрылысын және «АКМЭЗ» ЖШС өндірісін кеңейту жобасының жүзеге асырылуын бақылап шыққан аудан әкімі бұл жобалардың өңір экономикасын дамытудағы маңызын атап өтіп, барлық мердігер мекемелерге құрылыс сапасын арттыру және жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

■ СПАРТАКИАДА

ҰСТАЗДАР СПОРТТА БІРЛІК КӨРСЕТТІ

Ауданда ұстаздардың салауатты өмір салтын ұстануы және ұжымдық рухын нығайтуды мақсат еткен дәстүрлі спартакиада өз мәресіне жетті.

Аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы бірлесіп өткізген спорттық шара екі күнге созылды. Жарыста ұстаздар волейбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, асық ату, бес тас сияқты спорт түрлерінен өзара сынға түсіп, бар күш-жігерлерін ортаға салды. Жарыс тартысты да қызықты өтті — әрбір команда өз ұжымының намысын қорғап, ұйымшылдық пен табандылықтың үлгісін көрсетті.

Қатысушылардың жоғары деңгейдегі дайындықтары мен жеңіске деген құлшыныстарының нәтижесінде командалық есепте бірінші орынды №5 Хромтау гимназиясы, екінші орынды №4 Хромтау орта мектебі, ал үшінші орынды №6 Хромтау гимназиясы иеленді.



Салтанатты марапаттау рәсмінде Хромтау аудандық білім бөлімі басшысы Шерхан Отаров ұстаздарды жеңістерімен құттықтап, мұндай шаралардың маңыздылығын тоқталды.

— Мұғалім — тек білім беруші ғана емес, қоғамға бағыт-бағдар көрсететін тұлға. Салауатты өмір салтын ұстанып, шәкірттерге үлгі болу — әр ұстаздың абыройлы міндеті. Спартакиада — бірлік пен ынтымақтың, рух пен серектіктің символы, — деді ол.

Өз кезегінде аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы Гүлжан Ақанова да қатысушыларға алғысын білдіріп, спорттың ұжымдық ауызбіршілікті арттырудағы рөлін атап өтті.

— Біздің мақсатымыз — ұстаздарға еңбектен бөлек сергіп, спорт арқылы жаңа күш пен шабыт алуына мүмкіндік жасау. Бұл дәстүрлі шара жыл сайын ұстаздардың достығын, ынтымағын арттырып келеді, — деді ол.

Жарыс қорытындысында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ұйымдастырушылар тарапынан арнайы грамоталары мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

Толғанай ЕСБОЛСЫН.

ҚАУІПСІЗ ОРТА – СӘТТІ БІЛІМНІҢ НЕГІЗІ

Хромтау аудандық білім бөлімінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес қараша айында аудан педагог-психологтарына арналған семинар өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – білім беру ұйымдарында қауіпсіз орта қалыптастыру және педагогикалық-психологиялық қолдау қызметін тиімді үйлестіру болды.

Семинар барысында Хромтау аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің

әдіскері М.Е. Қаймолдина өз баяндамасында оқушының қауіпсіздігі мен психологиялық



саулығы – сапалы білім мен табысты дамудың басты кепілі екенін атап өтті. Оның айтуынша, өзін қауіпсіз сезінген және эмоцияларын басқара білетін оқушы жаңа білімді игеруге дайын болады.

— Қауіпсіз орта тек физикалық кеңістікпен шектелмейді. Ол – эмоционалдық және әлеуметтік қолдау көрсетілетін, оқушы өзін еркін сезінетін орта, — деді әдіскер өз сөзінде.

Семинарда ауданның педагог-психологтары тәжірибе алмасып, өзекті мәселелерді талқылады. Сондай-ақ психологиялық қызметті ұйымдастыруға байланысты нормативтік-құқықтық құжаттардағы жаңалықтар мен өзгерістер жайлы ақпарат берілді.

Қатысушылар ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты ұсынған буллингтің алдын алу бағытындағы «ДосболLike» бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстарды саралады. Келешекте атқарылатын іс-шаралар жоспары нақтыланды.

Семинар соңында қатысушылар мамандармен пікір алмасып, ұсыныстар мен кеңестер тыңдалды.

Толғанай ЕСБОЛСЫН.

ТҮРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ТЫҢДАЛДЫ

Аудан әкімі Нұрхан Тілеумұратов тұрғындарды жеке қабылдады.

Қабылдауға келген тұрғындар өздерін толғандырған жеке мәселелерден бөлек,

зақ шеңберінде жауап берілді. Бірқатар мәселе сол жерде шешімін тапса, қалғандары бойынша жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.



әлеуметтік-тұрмыстық, инфрақұрылымдық, сондай-ақ білім, тұрғын үй, абаттандыру салаларына қатысты сауалдарды ортаға салды. Азаматтардың өтініштері жеке-жеке тыңдалып, әр сұрақ бойынша

Нұрхан Тілеумұратов тұрғындармен ашық әрі өзара сенімге негізделген диалог орнатудың маңыздылығын атап өтіп, әрбір өтініш назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

АҚТӨБЕЛІК КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕР ТІЗІЛІМІНЕ КӨШУ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУДЫ СҰРАЙДЫ

Ақтөбелік компаниялар жаңа ҚТӨ Тізілімнің енгізілуіне байланысты сатып алуларға қолжетімділіктен айырылып қалудан қауіптенуде. Кәсіпкерлердің айтуынша, өтпелі кезең тым қысқа болуы мүмкін. Кәсіпкерлер палатасында өткен Индустрия салалық кеңесінің отырысында өңірлік бизнес өкілдері Тізілімді енгізуді кейінге шегеру немесе өтпелі кезеңді жеңілдету жөнінде ұсыныстар айтты.



Ресми түрде өтпелі кезең 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін деп белгіленгенімен, іс жүзінде дайындыққа бар болғаны екі ай ғана қалды. Көптеген компаниялар әдістемелік қолдау мен нұсқаулықтар алып үлгермеген. Сонымен қатар, Тізілім толықтай цифрлық форматта және электронды платформа арқылы жүзеге асатындықтан, жылдың соңында өтінімдер жаппай түссе, жүйе жүктемеге шыдамай қалуы мүмкін деген алаңдаушылық бар. Техникалық ақаулар мен құжаттардағы сәйкессіздіктер компаниялардың Тізілімге енгізілмеуіне себеп болуы ықтимал.

«Ең үлкен тәуекел – егер компания 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін Тізілімге кіре алмаса, ол отандық тауар өндіруші ретінде сатып алуларға артықшылықпен қатыса алмайды. Қазір көптеген тәндерлер мен қолдау бағдарламаларына, соның ішінде «Самұрық-Қазына» және квазимемлекеттік секторға қатысу үшін қазақстандық қамту үлесін растау қажет. Ал Тізіліміз компания бұл мәртебеден автоматты түрде айырылады», — деді «Epsilon Group» ЖШС өкілі Айдос Жамидулла.

Кәсіпкерлер бағалау критерийлерінің айқын еместігіне де назар аударуда. Қазіргі таңда ҚТӨТ енгізу процесі бірқатар ұйымдастырушылық және техникалық қиындықтармен қатар жүріп жатыр. Қазан айының соңында өткен «Атамекен» ҰКП Әңдеуші өнеркәсіп және Машина жасау мен металл өңдеу комитеттерінің бірлескен отырысында бизнес өкілдері жүйенің өлі де сынақ режимінде жұмыс істеп жатқанын, цифрлық функционалы толық пысықталмағанын, ішкі үлестік құндылықты есептеу тәсілі мен «СТ-KZ» немесе индустриялық сертификаты бар компаниялардың қатысуы бойынша сұрақтар ашық екенін атап өтті.

«Кейбір өндірушілер техникалық кемшіліктердің кесірінен тізімнен тыс қалуы мүмкін деген қауіп бар. Біз, біріншіден, «QazIndustry»-ден индустриялық сертификаты бар өндірушілерді Тізілімге автоматты түрде енгізуді ұсынамыз, себебі бұл кәсіпорындар өндірістік базасын растап қойған. Екіншіден, Тізілімді міндетті түрде енгізу мерзімін — мысалы, 2026 жылдың ІІ немесе ІІІ тоқсанына шегеру қажет, осылайша қосымша сынақ пен жетілдіруге уақыт беріледі», — деді Индустрия салалық кеңесінің төрайымы, «По Глобал-Спецдежда» ЖШС директоры Надежда Шабаева.

Бизнес өкілдерінің пікірінше, бұл шаралар техникалық қателерді жоюға, есептеу әдістемесін нақтылауға, комиссияларды дайындауға және жүйелердің өзара іс-қимылын реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіпкерлер бейнебақылау орнату және мемлекеттік органдардың қол-

жетімділігіне қатысты талаптарға алаңдаушылық білдіруде. Олар деректердің қорғалуы бойынша нақты кепілдіктер беру-ді және қажет болған жағдайда бейнебақылау қолжетімділігін өндірушілермен алдын ала келісуді сұрайды.

Айта кетсек, Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімі өлі іске қосылмағанына қарамастан, ақтөбелік компанияның бірінен оның қатысуын растау сұралған. Бұл туралы «Epsilon Group» ЖШС өкілі мысал келтірді.

«Біз әдеттегідей сатып алуға қатысып, Индустриялық сертификатты қоса ұсындық және қазақстандық өндіруші ретінде сатып алулар ережесіне сай кепілдемесі ұсынудан босатылады деп күттік. Алайда бізден кепілдемесі талап етілді, себебі компания ҚТӨТ-те тіркелмеген деп көрсетілді. Осыдан кейін біз Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне шағым жолдадық, ал олардан біз Тізілімде жоқ екеніміз расталған ресми жауап алдық. Сәйкесінше, тапсырыс берушінің әрекеті заңды деп танылды, алайда Тізілімнің өзі өлі іске қосылған жоқ», — деді ол индустрия салалық кеңесінің отырысында.

Жаңа механизмнің енгізілетіні жарияланған сәттен бастап «Атамекен» ҰКП ҚТӨТ Тізілімі бойынша барлық мәселелерді түсіндіру және талқылау бағытында белсенді жұмыс атқарып келеді. Ұлттық палата Тізілімді енгізу бойынша салалық ұсыныстар мен бастамаларды біріктіруді қолға алды. Бұл туралы 22 қазан күні өткен Әңдеуші өнеркәсіп және Машина жасау комитеттерінің бірлескен отырысында айтылды. Оған мемлекеттік органдар мен елдің барлық өңірлерінен 300-ден астам бизнес өкілдері, қауымдастықтар және салалық кеңестер қатысты, оның ішінде Ақтөбе облысының өкілдері де бар.

Индустрия салалық кеңесінің отырысы қорытындысы бойынша Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасы Қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне қатысты ұсыныстар мен тәуекелдер блогын хаттамамен бірге ҰКП Әңдеуші өнеркәсіп департаментіне жолдайды.

«Біз өңір кәсіпкерлерін ақпараттандыруды және барлық қажетті қолдауды көрсетуді жалғастырамыз. Жаңа тізілімге көшу — отандық өндірушілер үшін маңызды кезең. Бірлескен тәсіл артық бюрократиядан арылуға, бизнеске түсетін жүктемені азайтуға және жаңа сертификаттау форматына біртіндеп көшуге мүмкіндік береді. Біз жүйені шынымен де ыңғайлы әрі ашық етуге ұмтыламыз», — деді Ақтөбе облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Владимир Сухорученко.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ — АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕҢДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛЫ»

Мемлекеттік тіл – құқықтық коммуникация тілі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабына сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Бұл де­ге­ні­міз – барлық мемлекеттік органдар, құқық қорғау жүйесі, соттар мен әкімшілік құрылымдар өз қызметін қазақ тілінде жүргізуге міндетті.



Азаматтардың мемлекеттік тілде ақпарат алу, өтініш жазу, сот процесіне қатысу құқығы – олардың құқықтық теңдігінің маңызды бөлігі болып табылады. Көптеген жағдайда, егер азамат мемлекеттік тілді қолдана алмаса немесе мемлекеттік органдар қазақ тілін қолданудан жалтарса, бұл құқықтық теңсіздікке әкелуі мүмкін. Сондықтан қазақ тілінің құқықтық кеңістіктегі орны тек тіл саясатының ғана емес,

адам құқығының да маңызды мәселесі болып табылады. Тіл – тек қатынас құралы емес, ол ақпаратқа, әділетке, қорғау мен әділдікке апаратын көпір. Құқықтық құжаттар, заңдар мен сот шешімдері, тергеу хаттамалары және басқа да ресми материалдар мемлекеттік тілде сөйлейтін азаматтардың өз құқықтарын толыққанды түсініп, қорғай алуына мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тіл – ұлтты біріктіріп, азаматтық тұтастықты қалыптастыратын күш. Оның заң саласында кеңінен қолданылуы мемлекеттік бірлікті және қоғамдағы сенімділікті арттырады. Әрбір азамат өзінің туған тілінде қорғалатынына сенімді болса, мемлекетке деген сенімі де күшейеді. Мемлекеттік тіл – тек ұлттық болмыстың негізі ғана емес, азаматтардың құқықтық теңдігін қамтамасыз ететін басты тетік. Қазақ тілінің құқықтық салада толыққанды қолданылуын қамтамасыз ету – мемлекеттік органдардың, құқық қорғау құрылымдарының, сот жүйесінің және бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс еліміздің демократиялық дамуына және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуына қызмет ететіні сөзсіз.

Б.БЕКЕНОВА,
Сот әкімшісінің
аға сот приставы

2025 жылдың 2 жартыжылдығында Хромтау ауданының әкімі Н.Тлеумұратовтың және ауылдық округтер әкімдерінің Хромтау ауданының тұрғындарымен кездесулерін (азаматтарды жеке қабылдауларымен) өткізу КЕСТЕСІ (интернеті бар жерлерде әлеуметтік желілерде онлайн-трансляциямен)

№ т/б	Әкімінің Т.А.Ә.	Лауазымы	Елді мекенінің атауы, орны	Кездесулерді өткізу күні
II жартыжылдық				
1.	Тлеумұратов Н.Ж. Алдаберген І.Ә.	Хромтау ауданының әкімі Никельтау ауылының әкімі	Никельтау ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 2	11.11.2025 ж., сағ.09.30
2.	Тлеумұратов Н.Ж. Абдиров Е.А.	Хромтау ауданының әкімі Тассай а/о әкімі	Тассай а/о, Көкпекті ауылы, Көне мектеп ғимараты, Желтоқсан көшесі 4 үй	11.11.2025 ж., сағ.10.30
3.	Тлеумұратов Н.Ж. Абдиров Е.А.	Хромтау ауданының әкімі Тассай а/о әкімі	Тассай а/о, Тассай ауылы, мектеп ғимараты, Абай көшесі, 16	11.11.2025 ж., сағ.11.00
4.	Тлеумұратов Н.Ж. Жухин М.А.	Хромтау ауданының әкімі Ақжар а/о әкімі	Ақжар а/о, Жазық бекеті, мектеп ғимараты, Бірлік көшесі, 6	11.11.2025 ж., сағ.12.30
5.	Тлеумұратов Н.Ж. Жухин М.А.	Хромтау ауданының әкімі Ақжар а/о әкімі	Ақжар а/о, Ақжар ауылы, клуб ғимараты, Әйтеке би көшесі, 64	11.11.2025 ж., сағ.13.30
6.	Тлеумұратов Н.Ж. Дүйсенбин Б.Ж.	Хромтау ауданының әкімі Табантал а/о әкімі	Табантал а/о, Көптоғай ауылы, Көптоғай көшесі, 4 мекен-жайындағы үй	11.11.2025 ж., сағ. 14.30
7.	Тлеумұратов Н.Ж. Дүйсенбин Б.Ж.	Хромтау ауданының әкімі Табантал а/о әкімі	Табантал а/о, Табантал ауылы, клуб ғимараты, Табантал көшесі, 62/1	11.11.2025 ж., сағ. 15.00
8.	Тлеумұратов Н.Ж. Суйналин М.А.	Хромтау ауданының әкімі Абай а/о әкімі	Абай а/о, Тассай ауылы, Сармырза көшесі, 7 мекен-жайындағы үй	12.11.2025 ж., сағ.09.00
9.	Тлеумұратов Н.Ж. Суйналин М.А.	Хромтау ауданының әкімі Абай а/о әкімі	Абай а/о, Абай ауылы, мектеп ғимараты, Мектеп көшесі, 27	12.11.2025 ж., сағ.10.00
10.	Тлеумұратов Н.Ж. Баймұрзин А.К	Хромтау ауданының әкімі Тасөткел а/о әкімі	Тасөткел а/о, Ақбұлақ ауылы, Қазақ ауыл көшесі, 5А мекен-жайындағы үй	14.11.2025 ж., сағ.09.30
11.	Тлеумұратов Н.Ж. Баймұрзин А.К	Хромтау ауданының әкімі Тасөткел а/о әкімі	Тасөткел а/о, Тасөткел ауылы, клуб ғимараты, Сай көшесі, 24	14.11.2025 ж., сағ.09.30
12.	Тлеумұратов Н.Ж. Баймұрзин А.К	Хромтау ауданының әкімі Тасөткел а/о әкімі	Тасөткел а/о, Ақтасты ауылы, Бақсайыс көшесі, 8 мекен-жайындағы үй	14.11.2025 ж., сағ.10.00
13.	Тлеумұратов Н.Ж. Қауанов Е.С.	Хромтау ауданының әкімі Бөгетсай а/о әкімі	Бөгетсай а/о, Қарлау ауылы, мектеп ғимараты, Абай көшесі, 4	14.11.2025 ж., сағ.11.00
14.	Тлеумұратов Н.Ж. Қауанов Е.С.	Хромтау ауданының әкімі Бөгетсай а/о әкімі	Бөгетсай а/о, Бөгетсай ауылы, Клуб ғимараты, Ә.Молдағұлова көшесі, 9	14.11.2025 ж., сағ.11.30
15.	Тлеумұратов Н.Ж. Ташенов К.К.	Хромтау ауданының әкімі Аққұдық ауылының әкімі	Аққұдық ауылы, Көпоспанов көшесі, 13	14.11.2025 ж., сағ.13.30
16.	Тлеумұратов Н.Ж. Усмаханов Б.С.	Хромтау ауданының әкімі Көктау а/о әкімі	Көктау а/о, Көктау ауылы, мектеп ғимараты, Нұрлықөш көшесі, 37А	14.11.2025 ж., сағ.14.30
17.	Тлеумұратов Н.Ж. Зингин А.К.	Хромтау ауданының әкімі Көктөбе а/о әкімі	Көктөбе а/о, Көктерек ауылы, медпункт ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 27	14.11.2025 ж., сағ.15.00
18.	Тлеумұратов Н.Ж. Зингин А.К.	Хромтау ауданының әкімі Көктөбе а/о әкімі	Көктөбе а/о, Майтөбе ауылы, мектеп ғимараты, Тәуелсіздік көшесі, 1	14.11.2025 ж., сағ.15.30
19.	Тлеумұратов Н.Ж. Жалтаев Н.Р.	Хромтау ауданының әкімі Қопа а/о әкімі	Қопа а/о, Тамды ауылы, мектеп ғимараты, Ардагерлер көшесі, 1	18.11.2025 ж., сағ.10.00
20.	Тлеумұратов Н.Ж. Жалтаев Н.Р.	Хромтау ауданының әкімі Қопа а/о әкімі	Қопа а/о, Қопа ауылы, клуб ғимараты, М.Мәметова көшесі, 20	18.11.2025 ж., сағ.11.00
21.	Тлеумұратов Н.Ж. Жұмабай К.Ш.	Хромтау ауданының әкімі Құдықсай а/о әкімі	Құдықсай а/о, Құдықсай ауылы, мектеп ғимараты, Мектеп көшесі, 1	18.11.2025 ж., сағ.12.00
22.	Тлеумұратов Н.Ж. Жұмабай К.Ш.	Хромтау ауданының әкімі Құдықсай а/о әкімі	Құдықсай а/о, Ойсылқара ауылы, медпункт ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 10	18.11.2025 ж., сағ.12.30
23.	Тлеумұратов Н.Ж. Аккулов Е.И.	Хромтау ауданының әкімі Дөң а/о әкімі	Дөң а/о, Дөң ауылы, мектеп ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 50	18.11.2025 ж., сағ.14.30
24.	Тлеумұратов Н.Ж. Аккулов Е.И.	Хромтау ауданының әкімі Дөң а/о әкімі	Дөң а/о, Оңғар ауылы, мектеп ғимараты, Адыр көшесі, 27	18.11.2025 ж., сағ.15.30
25.	Тлеумұратов Н.Ж. Жұмабеков А.Ж.	Хромтау ауданының әкімі Қызылсу а/о әкімі	Қызылсу а/о, Сарысай ауылы, клуб ғимараты, Величко көшесі, 34	18.11.2025 ж., сағ.16.30
26.	Тлеумұратов Н.Ж. Жұмабеков А.Ж.	Хромтау ауданының әкімі Қызылсу а/о әкімі	Қызылсу а/о, Қызылсу ауылы, мектеп ғимараты, Алтынсарин көшесі, 7	18.11.2025 ж., сағ.17.30
27.	Тлеумұратов Н.Ж. Шабикбаев С.Н.	Хромтау ауданының әкімі Хромтау қаласының әкімі	Хромтау қаласы колледж ғимараты, Есет батыр көшесі, 9	19.11.2025 ж., сағ.11.00
28.	Тлеумұратов Н.Ж. Шабикбаев С.Н.	Хромтау ауданының әкімі Хромтау қаласының әкімі	Хромтау қаласы Қалалық әкімдік ғимараты, М.Горький көшесі, 9	19.11.2025 ж., сағ.14.30
29.	Тлеумұратов Н.Ж. Шабикбаев С.Н.	Хромтау ауданының әкімі Хромтау қаласының әкімі	Хромтау қаласы Мәдениет орталығы, 22 квартал	19.11.2025 ж., сағ.16.00

Кездесу соңында азаматтарды жеке қабылдауы жүргізіледі Хромтау ауданы әкімі аппаратының басшысы А.Мұңлықов.

Бүгінгі жаһандану заманында жастардың өмірі цифрлық кеңістікпен тығыз байланысты. Ақпарат ағыны секундына мыңдаған дерек тарайтын дәуірде шындық пен жалғанның ара-жігін ажырату барған сайын қиындай түсуде. Осыны пайдаланған түрлі топтар мен идеологиялық қозғалыстар жастарды өз мақсаттарына арбау үшін сан түрлі тәсілдер қолданады. Бұл – жастарды арбаған жасырын қауіптің ең басты көрінісі.



ЖАСТАРДЫ АРБАҒАН — ЖАСЫРЫН ҚАУІП

Жасырын қауіп — сырт көзге зиянсыз, тіпті пайдалы болып көрінетін, бірақ шын мәнінде адамның санасы мен мінез-құлқына кері әсер ететін ықпал. Мұндай қауіп көбіне әлеуметтік желілер, бейнежазбалар, мотивациялық курстар немесе «жастар ұйымдары» түрінде таралады. Жастар көбіне жалған уәделердің ықпалына түседі. Мысалы, «бай боласың», «ерекше боласың», «шындық бізде» деген секілді сөздермен олардың сеніміне кіреді. Сондай-ақ, арбаушылар адамның қорқынышын немесе жалғыздық сезімін пайдаланып, оның эмоциясына әсер етеді. Олар дәстүр мен дінді бұрмалап түсіндіру арқылы жастарды қоғамнан алыстатып, өз құндылықтарынан ажыратады. Бұған қоса, жастарды жаңа «қауымдастыққа» тарту арқылы «ерекше миссиясы бар адам» екеніне сендіріп, психологиялық тәуелділік қалыптастырады. Мұндай арбаудың салдары ауыр болуы мүмкін. Ол жасөспірімнің өмірлік бағытын бұзып, болашағына кері әсерін тигізеді. Арбауға түскен жастар достар мен отбасынан алыстап, оқу мен еңбектен бас тартады, қоғамнан оқшауланып, өзіне сенімсіз бола бастайды. Нәтижесінде психологиялық күйзеліс қу-

шейіп, кейде заң бұзушылыққа дейін баруы ықтимал. Мұндай жасырын қауіптерден сақтанудың бірнеше жолы бар. Ең алдымен, әрбір жас алған ақпаратын сенімді дереккөзден тексеріп, шын мен өтірікті ажырата білуі керек. Сонымен қатар, кез келген ұран мен уәдеге сын көзбен қарап, эмоцияға берілмеу маңызды. Ұлттық дәстүр мен рухани құндылықтарды ұстану да адамның санасын берік етеді. Күмәнді жағдай туындағанда ата-ана және ұстазбен ашық әңгімелесіп, өз ойымен бөлісу қажет. Сондай-ақ, спортпен шұғылдану, өнермен айналысу немесе еріктілік жұмысқа қатысу сияқты қоғамдық белсенділік те жасөспірімнің пайдалы ортада болуына мүмкіндік береді. Жастар — елдің болашағы. Оларды арбауға тырысатын жасырын қауіптерден қорғанудың ең тиімді жолы — білім, рухани иммунитет және ақпараттық сауаттылық. Әр жас өз орнын дұрыс таба білсе, ешбір жалған идея мен алдамшы уәде оны жолдан тайдыра алмайды.

Хромтау аудандық дін істері бөлімі

ГРАФИК проведения встреч (с личными приемами граждан) акима Хромтауского района Тлеумуратова Н.Ж. и акимов сельских округов с населением Хромтауского района во II полугодии 2025 года (с онлайн-трансляцией в социальных сетях, где имеется интернет)

№ п/п	Ф.И.О. акима	Должность	Наименование населенного пункта, место	Дата проведения встреч
II полугодие				
1.	Тлеумұратов Н.Ж. Алдаберген І.Ә.	Аким Хромтауского района аким с.Никельтау	с.Никельтау, здание клуба, ул.Мектеп, 2	11.11.2025 г., 09.30 ч.
2.	Тлеумұратов Н.Ж. Абдиров Е.А.	Аким Хромтауского района аким Тассайского с/о	Тассайский с/о, с.Кокпекти, здание старой школы, ул.Желтоқсан 4	11.11.2025 г., 10.30 ч.
3.	Тлеумұратов Н.Ж. Абдиров Е.А.	Аким Хромтауского района аким Тассайского с/о	Тассайский с/о, с.Тассай, Здание школы, ул.Абая, 16	11.11.2025 г., 11.00 ч.
4.	Тлеумұратов Н.Ж. Жухин М.А.	Аким Хромтауского района аким Ақжарского с/о	Ақжарский с/о, ст.Жазық, здание школы, ул.Бирлик, 6	11.11.2025 г., 12.30 ч.
5.	Тлеумұратов Н.Ж. Дүйсенбин Б.Ж.	Аким Хромтауского района аким Ақжарского с/о	Ақжарский с/о, с.Ақжар, здание клуба, ул.Айтеке би, 64	11.11.2025 г., 13.30 ч.
6.	Тлеумұратов Н.Ж. Дүйсенбин Б.Ж.	Аким Хромтауского района аким Табанталского с/о	Табанталский с/о, с.Коптогай, дом по ул.Коптогая, 4	11.11.2025 г., 14.30 ч.
7.	Тлеумұратов Н.Ж. Дүйсенбин Б.Ж.	Аким Хромтауского района аким Табанталского с/о	Табанталский с/о, с.Табантал, здание клуба, ул.Табантал, 62/1	11.11.2025 г., 15.00 ч.
8.	Тлеумұратов Н.Ж. Суйналин М.А.	Аким Хромтауского района аким Абайского с/о	Абайский с/о, с.Тассай, Дом по ул. Сармырза, 7	12.11.2025 г., 09.00 ч.
9.	Тлеумұратов Н.Ж. Суйналин М.А.	Аким Хромтауского района аким Абайского с/о	Абайский с/о, с.Абай, Здание школы, ул.Мектеп, 27	12.11.2025 г., 10.00 ч.
10.	Тлеумұратов Н.Ж. Баймұрзин А.К	Аким Хромтауского района аким Тасоткельского с/о	Тасоткельский с/о, с.Ақбұлақ, здание школы, ул. Казах ауыл, 5 А	14.11.2025 г., 09.30 ч.
11.	Тлеумұратов Н.Ж. Баймұрзин А.К	Аким Хромтауского района аким Тасоткельского с/о	Тасоткелский а/о, с.Тасоткел, здание клуба, ул. Сай, 24	14.11.2025 г., 09.30 ч.
12.	Тлеумұратов Н.Ж. Баймұрзин А.К	Аким Хромтауского района аким Тасоткельского с/о	Тасоткельский с/о, с.Актасты, Дом по ул. Бақсайыс, 8	14.11.2025 г., 10.00 ч.
13.	Тлеумұратов Н.Ж. Кауанов Е.С.	Аким Хромтауского района аким Богетсайского с/о	Богетсайский с/о, с.Карлау, здание школы, ул.Абай, 4	14.11.2025 г., 11.00 ч.
14.	Тлеумұратов Н.Ж. Кауанов Е.С.	Аким Хромтауского района аким Богетсайского с/о	Богетсайский с/о, с.Богетсай, здание клуба, ул.А.Молдагуловой, 9	14.11.2025 г., 11.30 ч.
15.	Тлеумұратов Н.Ж. Ташенов К.К.	Аким Хромтауского района аким с.Ақкудук	с.Ақкудук, здание школы, ул.К.Оспанова, 13	14.11.2025 г., 13.30 ч.
16.	Тлеумұратов Н.Ж. Усмаханов Б.С.	Аким Хромтауского района аким Коктауского с/о	Коктауский с/о, с.Коктау, здание школы, ул.Нурлыкош, 37А	14.11.2025 г., 14.30 ч.
17.	Тлеумұратов Н.Ж. Зингин А.К.	Аким Хромтауского района аким Коктобинского с/о	Коктобинский с/о, с.Коктерек, здание медпункта, ул.Бейбитшилик, 27	14.11.2025 г., 15.00 ч.
18.	Тлеумұратов Н.Ж. Зингин А.К.	Аким Хромтауского района аким Коктобинского с/о	Коктобинский с/о, с.Майтөбе, здание школы, ул.Тауелсіздік, 1	14.11.2025 г., 15.30 ч.
19.	Тлеумұратов Н.Ж. Жалтаев Н.Р.	Аким Хромтауского района аким Копинского с/о	Копинский с/о, с.Қопа, здание клуба, ул.М.Маметовой, 20	18.11.2025 г., 10.00 ч.
20.	Тлеумұратов Н.Ж. Жалтаев Н.Р.	Аким Хромтауского района аким Копинского с/о	Копинский с/о, с.Тамды, здание школы, ул.Ардагерлер, 1	18.11.2025 г., 11.00 ч.
21.	Тлеумұратов Н.Ж. Жұмабай К.Ш.	Аким Хромтауского района аким Кудуксайского с/о	Кудуксайский с/о, с. Кудуксай, здание школы, ул.Мектеп, 1	18.11.2025 г., 12.00 ч.
22.	Тлеумұратов Н.Ж. Жұмабай К.Ш.	Аким Хромтауского района аким Кудуксайского с/о	Кудуксайский с/о, с.Ойсылқара, здание медпункта, ул.Бейбитшилик, 10	18.11.2025 г., 12.30 ч.
23.	Тлеумұратов Н.Ж. Аккулов Е.И.	Аким Хромтауского района аким с/о Дон	с/о Дон, с.Дон, здание школы, ул.Бейбитшилик, 50	18.11.2025 г., 14.30 ч.
24.	Тлеумұратов Н.Ж. Аккулов Е.И.	Аким Хромтауского района аким с/о Дон	с/о Дон, с.Оңғар, здание школы, ул.Адыр, 27	18.11.2025 г., 15.30 ч.
25.	Тлеумұратов Н.Ж. Жұмабеков А.Ж.	Аким Хромтауского района аким Кызылусского с/о	Кызылуский с/о, с.Сарысай, здание клуба, ул.Величко, 34	18.11.2025 г., 16.30 ч.
26.	Тлеумұратов Н.Ж. Жұмабеков А.Ж.	Аким Хромтауского района аким Кызылусского с/о	Кызылуский с/о, с.Кызылсу, здание школы, ул.Алтынсарина, 7	18.11.2025 г., 17.30 ч.
27.	Тлеумұратов Н.Ж. Шабикбаев С.Н.	Аким Хромтауского района аким г.Хромтау	город Хромтау здание колледжа, ул.Есет батыра, 9	19.11.2025 г., 11.00 ч.
28.	Тлеумұратов Н.Ж. Шабикбаев С.Н.	Аким Хромтауского района аким г.Хромтау	город Хромтау здание городского акимата, ул.Горького, 9	19.11.2025 г., 14.30 ч.
29.	Тлеумұратов Н.Ж. Шабикбаев С.Н.	Аким Хромтауского района аким г.Хромтау	город Хромтау Культурный центр, 22-кварталл	19.11.2025 г., 16.00 ч.

По завершении встречи будет проводиться личный прием граждан

ӘДІЛ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ

Ақтөбе облысында кәсіпкерлік субъектілерінің еркін және әділ жұмыс істеуі үшін нақты тетіктер жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде атқарып отырған – өңірдің Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаменті.

Департамент қызметінің өзегі – шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, нарықтағы монополиялық артықшылықтарды болдырмау және бәсекеге қабілетті орта қалыптастыру. Бұл – экономиканың тұрақты дамуының маңызды шарттарының бірі.

Мекеме қызметін екі бағытта жүргізеді. Біріншісі – бәсекелестікті қорғау, яғ-

нан мемлекеттік органдардан мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметін кеңейту туралы өтініштерді қарап, олардың нарықтағы бәсекелестікке қалай әсер ететінін бағалайды. Көп жағдайда, нарықта бәсекелестік жақсы дамығандықтан және көптеген жеке кәсіпкерлер бар болғандықтан, бұл



ни, нарықтағы ірі ойыншылардың шектен тыс ықпалын бақылау. Екіншісі – бәсекелестікті дамыту, яғни, жаңа кәсіпорындардың еш кедергісіз жұмыс істеуіне жағдай жасау.

Өткен жылы Департамент облыс аумағының түрлі тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жәй-күйіне 4 жоспарлы және 17 жоспардан тыс талдаулар жүргізіп, нарықтағы негізгі мәселелерді анықтады.

Мұнай өнімдерін сақтау нарығында «Әлия Молдағұлова халықаралық өуежайы» АҚ негізгі қуат иесі ретінде анықталып, барлық нарық қатысушыларына әділ және тең қолжетімділік қамтамасыз ету міндеттелді. Бұл қадам нарықта бәсекелестіктің дамуына ықпал етіп, басқа қатысушылар үшін де тиімді жағдай туғызуда бағытталған.

Бұдан басқа, тауар нарықтарындағы кедергілерді анықтау және жою бойынша 20 отырыс өткізді. Нәтижесінде мемлекеттік органдарға бәсекелестікті дамыту бойынша нақты ұсынымдар жолданды.

Сонымен қатар, мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет түрлерін кеңейту де маңызды бағыттардың бірі болды. 111 мониторинг нәтижесінде, мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың монополияға қарсы органның келісімін алмай, қызмет түрлерін жүзеге асыруына жол берілмеді. Бұл шаралар бәсекелестікті қорғауға және нарықта әділ бәсекелестік орнатуға бағытталды.

Бәсекелестікті дамыту бағытында Департамент монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндiрудi жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру туралы жергілікті атқару органдарының түскен 14 өтінішхаттарын қарап, нәтижесінде, ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын жеке нарықтың субъектілерінің болуына байланысты 13 өтінішхат бойынша жергілікті атқарушы органдарына келісім беруден бас тартылды.

өтініштерді қабылдамайды.

Дегенмен, ерекше жағдайлар да болады. Мысалы, Ақтөбе қаласында 100% мемлекет қатысатын жаңа заңды тұлға құру туралы өтініш түсті. Оның мақсаты — алданған үлескерлердің мәселелерін шешу. Бұл заңды тұлға тұрғын үй құрылысындағы аяқталмаған нысандарды аяқтауды жоспарлады.

Департамент осы жағдайды ескере отырып, тұрғын үй құрылысының мәселелі нысандарын 5 жыл ішінде аяқтауды қамтамасыз ету үшін бұл заңды тұлғаны құруға келісім берді. Осылайша, алдағы 5 жыл ішінде бұл ұйым өз міндетін орындап, үлескерлердің мәселелерін шешкеннен кейін таратылады.

Бүгінгі күні Ақтөбе облысында экологиялық тазалықты қамтамасыз ету мақсатында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында бірнеше шара жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама елдегі санитариялық тазалықты жақсарту, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, аумақтарды абаттандыру және көгалдандыруды ұйымдастыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында облыста бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың қызмет түрлері кеңейтілуде. Департамент өз тарапынан бұл қызметтерді жүзеге асыратын кәсіпорындардың нарыққа кіруін жеңілдетіп, бәсекелестікті дамытуға ықпал етеді.

Егер, Сіз бәсекелестік заңнамасының бұзылуына немесе заңсыз әрекеттерге куә болсаңыз, Ақтөбе облысының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің департаментіне хабарласуға болады. Мекенжайымыз: Абай даңғылы, 17, 305-кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 56-75-41.

Д.ИЗБАСОВА,
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту
агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша
департаментінің
бәсекелестікті дамыту бөлімінің
басшысы

Қазақстан Республикасында әділ және ашық нарықты қамтамасыз ету – елдің экономикалық дамуының маңызды факторы. Осы мақсатта бәсекелестікті қорғау заңнамасы бойынша ҚР «Кәсіпкерлік кодексі» қабылданған. Бұл заңдар нарықтағы жосықсыз бәсекелестікті шектеуге, кәсіпкерлердің тең мүмкіндіктерін сақтауға бағытталған

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті осы заңнаманың сақталуын қадағалайды. Олар нарықтағы заң бұзушылықтарды анықтап, тиісті шаралар қолдану арқылы әділ бәсекелестікті қамтамасыз етеді. Егер қандай да бір нарық субъектісі заң талаптарын бұзса — мысалы, монополиялық үстемдік орнатуға тырысса немесе бәсе-

БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ — ӘДІЛ НАРЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

келестікті шектейтін келісімдерге барған болса — Департамент дереу араласады. Заң бұзушылықтар анықталған жағдайда, Департамент бұл әрекеттердің жолын кеседі, және бұзушыларға қатысты әкімшілік жауапкершілік қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, Департамент кәсіпкерлер мен азаматтарды заң талаптары туралы ақпараттандырып, нарықтағы заңсыз әрекеттерге қатысты шағымдарды қабылдайды. Бұл — әділ бәсекелестікті дамытудағы маңызды қадам.

Егер сіз нарықта заң бұзушылыққа кезіксеңіз, немесе әділ емес бәсеке-

лестікке тап болсаңыз, Бәсекелестікті қорғау департаментіне хабарласыңыз. Сіздің шағымыңыз әділетті нарықтың қалыптасуына ықпал етеді!

Мекен-жайымыз: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Абай даңғылы 17, байланыс телефоны: 8 (7132) 549243.

Ж.БЕРНИЯЗ,
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігінің Ақтөбе
облысы бойынша департаментінің
тергеп-тексеру бөлімінің
бас маманы

НАРЫҚҚА КІРУГЕ КЕДЕРГІЛЕР: БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ТОСҚАУЫЛДАРДЫ ЖОЮ ЖОЛДАРЫ ТАЛҚЫЛАНУДА

Бәсекелестікті қорғау және дамыту жөніндегі агенттіктің «Тосқауылдар жөніндегі кеңес» краудсорсингтік алаңы Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде құрылды. Бұл алаң тиісті тауар нарықтарында «әділ сауда» қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында объективті ұсыныстар әзірлеуге, нарыққа кіру бойынша шектеулерді анықтауға, сондай-ақ сараптамалық қоғамдастық тарапынан бәсекелестікті бұрмалауға әсер ететін түрлі факторларды бағалау мен сараптауға бағытталған. Мұндай бастама елдің экономикалық өсуін қамтамасыз ету жолындағы өзекті шаралардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің тауар нарықтарына кіру кедергілерін анықтау және жою жөніндегі кеңесі әкімшілік, экономикалық және өзге де тосқауылдарды айқындау және оларды жою арқылы бәсекелестік нарықтық экономиканы қалыптастыру мақсатында құрылған.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті жанында нарыққа кіруге және бәсекелес нарықтық ортаны қалыптастыруға кедергі келтіретін тосқауылдарды анықтау үшін Кедергілер жөніндегі кеңес жұмыс істейді.

Кеңес отырыстары салалық мәселелер бойынша айына кемінде бір рет өткізіледі (қажет болған жағдайда Кеңес мүше-

лерінің бастамасымен жиі өткізілуі мүмкін). Кеңес шешімдері хаттамамен рәсімделеді. Кеңес қызметінің нәтижелері бойынша әзірленген ұсынымдар негізінде «Тосқауылдар картасы» қалыптастырылып, бәсекелестікті бұрмалайтын факторларды жою жөніндегі жұмыстарды одан әрі ұйымдастыру үшін Агенттікке жолданады. Бұл ұсынымдар бәсекелестікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны қалыптастыру және өзектендіру барысында да пайдаланылатын болады.

Егер сіздің кәсіпкерлік қызметіңізге кедергі келтіретін жағдайлар — тауар нарығына кіруге рұқсат бермеу, негізсіз шектеулер қою немесе жосықсыз бәсекелестік әрекеттер байқалса — Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне келесі мекенжай бойынша хабарласуыңызға болады:

Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Абай даңғылы, 17. Байланыс телефоны: 8 (7132) 54-92-43.

Ж. БЕРНИЯЗ,
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің
Ақтөбе облысы бойынша
департаментінің
тергеп-тексеру бөлімінің бас маманы

АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК – ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ КЕПІЛІ

Қазіргі заманда бәсекелестік – нарықтық экономиканың қозғаушы күші.

Бірақ бұл бәсекелестік әділдік пен заңға сүйенген жағдайда ғана тиімді болмақ.

ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 163-бабына сәйкес монополияға қарсы орган бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы басшылықты, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын орган болып табылады.

ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 177 – бабы нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) немесе бірнеше нарық субъектілерінің (тұлғалар тобының) Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына, парасаттылық, парасаттылық және әділдік талаптарына қайшы келетін және нарықтың басқа субъектілеріне-бәсекелестерге не нарықтың басқа субъектілеріне зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін Кәсіпкерлік қызметте артықшылықтар алуға бағытталған кез келген іс-әрекетін жосықсыз бәсекелестік деп таниды.

Басқаша айтқанда, жосықсыз бәсекелестік – бұл салауатты бәсекелестіктен асып түсетін нәрсе. Яғни, сауда және басқа да әділ әдет-ғұрыптарға қайшы келетін кез-келген бәсекелестік әрекеттер.

Жосықсыз бәсекелестікке оның ішінде мынадай әрекеттер жатады:

- ▶ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ авторлық құқық объектілерін дараландыру құралдарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;
- ▶ басқа өндірушінің тауарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;
- ▶ бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу;
- ▶ нарық субъектісінің беделін түсіру;
- ▶ көрінеу жалған, жосықсыз және анық емес жарнама;
- ▶ мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу (сатып алу);
- ▶ бәсекелестің сатушысына (өнім берушісіне) бойкот жасауға шақыру;
- ▶ сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру;
- ▶ нарық субъектісін бәсекелеспен шартты бұзуға шақыру;
- ▶ сатушының (өнім берушінің) қызметкерін сатып алушылық;
- ▶ сатып алушының қызметкерін сатып алушылық;
- ▶ коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану;
- ▶ тұтынушыға тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына және (немесе) оны өндірушілерге қатысты анық емес ақпарат ұсына отырып, тауарды өткізу;
- ▶ нарық субъектісінің өзі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларын нарықтың басқа субъектілері өндіретін және (немесе)

өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыруы;

▶ тауар сатушыны (берушіні) ауыстыруға кедергі жасау.

Мұндай әрекеттер кәсіпкерлердің құқығын бұзып қана қоймай, тұтынушыны адастырып, сенімсіз нарық ортасын қалыптастырады. Сондықтан ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті мұндай заңбұзушылықтарды анықтап, заң аясында жауапкершілікке тартады.

Өрбір кәсіпкер мен нарық қатысушысы өз қызметінде заң мен іскерлік әдебин басшылыққа алуы тиіс. Өйткені адал бәсекелестік – сапаның кепілі, тұтынушы сенімінің негізі және ұлттық экономиканың тұрақты дамуының алғышарты.

Осыған байланысты, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті облыстың нарық субъектілерін (бизнес қоғамдастығын) өз қызметін жүзеге асыру кезінде адал, ашық жауапты бәсекелестік қағидаттарын басшылыққа алуға шақырады.

Ж.БЕРНИЯЗ
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігінің
Ақтөбе облысы бойынша
департаментінің
тергеп-тексеру бөлімінің бас маманы

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ОТБАСЫ – ӘР ЖАСӨСПІРІМНІҢ ҚҰҚЫҒЫ

Отбасы – адамның ең қауіпсіз, ең жылы мекені. Дәл осы ортада біз өмірдің алғашқы сабақтарын алып, сенім мен сүйіспеншілікті сезінеміз. Алайда кей жағдайда үйдегі жағдай көңілге қаю түсіретін сәттер орын алады. Отбасылық зорлық-зомбылық – тек ересектердің мәселесі емес, ең алдымен жасөспірімдердің тағдырына әсер ететін үлкен қауіп.

Зорлық-зомбылық тек ұру емес

Көпшілігіміз зорлық-зомбылықты тек физикалық күш көрсету деп түсінеміз. Негізінде ол бірнеше түрге бөлінеді:

- Психологиялық зорлық – қатты айқайлау, қорқыту, намысқа тию;
- Экономикалық қысым – ақша мен қажетті заттарды әдейі шектеу;
- Моральдық қысым – кемсіту, қадір-қасиетін таптау;
- Физикалық күш көрсету -ұру, итеру, жарақаттау;

Бұл әрекеттердің барлығы адам психикасына терең жара салуы мүмкін.

Неге бұл туралы айту маңызды?

Өйткені үнсіздік – зорлыққа жол беру. Кей балалар үйдегі қиындықтарды ешкімге айтпай, өз ішінде сақтап жүреді. Соның салдарынан: сабақ үлгерімі төмендейді; қорқыныш пен күйзеліс пайда болады; қоғамнан оқшаулану байқалады; болашақ қарым - қатынастарға сенім жоғалады;

Әрбір жас өзін қорғауға және қауіпсіз өмір сүруге толық құқылы.



Қайда жүгінуге болады?

Егер сіз немесе досыңыз осындай жағдайға тап болса:

- 102 – тез әрекет етуге арналған жедел желі;
- 111 – Балалар құқығын қорғау желісі;
- Δ 8-705-630-65-56 Хромтау ауданы ПБ-нің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының Отбасылық тұрмыстық- зорлық зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы;
- Мектеп психологы немесе сенімді мұғалім;
- Жақын достарыңыз немесе туыстарыңыз;

Көмек сұрау – әлсіздік емес. Бұл – ерлік. Бір-бірімізге қолдау болайық.

Отбасындағы мейірім - зорлықтың ең мықты қарсы күшіне айналады. Әр жасөспірім өз ойын ашық айтып, өз құқығын біліуі тиіс. Ең бастысы – ешкім жалғыз емес. Бірге болсақ, кез келген қиындықты жеңе аламыз.

Кристина ДОРДИЙ,
Хромтау ауданы Полиция бөлімі
Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің
Отбасылық тұрмыстық
зорлық-зомбылыққа қарсы күрес
тобының инспекторы полиция
аға лейтенанты

КАК ПОЛУЧИТЬ АРХИВНУЮ СПРАВКУ?

Одним из основных направлений деятельности Государственного архива Хромтауского района является оказание государственной услуги «Выдача архивных справок, копий архивных документов или архивных выписок». Данная услуга предоставляется в соответствии с Приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 29 мая 2020 года №159 «Об утверждении Правил оказания государственных услуг в области архивного дела».



Государственная услуга оказывается на бесплатной основе физическим и юридическим лицам, как гражданам Казахстана, так и иностранным заявителям. Архивные справки выдаются на основании архивных документов по вопросам социально-правового характера. К ним относятся подтверждение трудового стажа, размера заработной платы, сведений о составе семьи, перечисления пенсионных взносов, социальных отчислений и других данных.

Подать заявление и получить результат оказания государственной услуги можно через Государственную корпорацию «Правительство для граждан», веб-портал электронного правительства www.egov.kz

Государственный архив
Хромтауского района

БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУЫ – ҮЛКЕН АПАТҚА ӘКЕП СОҒАДЫ

Балалардың отпен ойнауынан туындайтын өрттер, өкінішке қарай, жиі кездеседі және мұндай жағдайлар көбіне өте қайғылы салдарға әкеліп соқтырады. Себебі балалар оттың қаншалықты қауіпті екенін толық түсінбегендіктен, оған ерекше қызығушылық танытады. Әсіресе үш жастан бес жасқа дейінгі балалар өз ойындарында ересектердің іс-әрекеттерін қайталауға бейім келеді. Бұл жаста олар бәрін өз қолымен байқап көруге және жаңа нәрселерді үйренуге құштар болады.



Көп жағдайда балалар үйде жалғыз қалған кезде осы қызығушылықтарын іспен көрсетуге тырысады. Олар сіріңке-мен ойнап, қағаз жағып көруі немесе ор-

манда көрген отты тұтатуға әрекет жасауы мүмкін. Ал ересектердің түрлі себептермен балаларды үйде қараусыз қалдыруы – үлкен қауіпке әкелуі ықтимал.

Әсіресе балаларды пәтерде немесе бөлмеде жауып кету өте қауіпті, өйткені өрт шыққан жағдайда олар өздігінен сыртқа шыға алмай, қауіпті аймақтан дер кезінде құтылуы қиынға соғады.

Мұндай қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін әр ата-ана балаларға өрт қауіпсіздігі туралы жиі айтып, қарапайым ережелерді түсіндіріп отыруы қажет. Ересектер өздері де балаларға үлгі болып, қауіпсіздік талаптарын сақтауы тиіс. Сіріңке, газ оттық, шам және басқа да от жағуға арналған құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерге қою керек. Балаларға ешқашан газ плитасын жағуға, пешті тұтатуға немесе электр құрылғыларын қосуға рұқсат беруге болмайды. Олардың от жақпауын үнемі қадағалап, үйде ересектердің бақылауынсыз жалғыз қалдырмау қажет. Сондай-ақ баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, пайдалы істермен айналысуына көңіл бөлу маңызды.

Өр балаға өрт болған жағдайда қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, үйрету қажет. Егер ол түтіннің таралғанын, ауа температурасының көтерілуін немесе күйкі иісін сезсе, дереу сыртқа шығуы тиіс. Сонымен бірге бала өрт немесе жану белгілерін байқаған сәтте ересектерге хабар беріп, «101» немесе «112» телефон нөмірлері арқылы өртке қарсы қызметке дереу қоңырау шалуы керек.

Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау барысында ересектердің жеке үлгі көрсетуі – балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың ең тиімді жолы. Балаларға деген қамқорлық пен жауапкершілік арқасында ғана біз отпен ойнаудан туындайтын өрттердің алдын алып, үйімізді, мүлкімізді және ең қымбат нәрсе — бала өмірін аман сақтап қала аламыз.

Хромтау ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

Ауа райының салқындауына байланысты қатты отынмен және газбен жылытылатын пештерді орнату мен пайдалану ережелерінің бұзылуы, сондай-ақ тұрмыстық электр жылытқыш аспаптарды (электрлік жылытқыштар, майлы радиаторлар және т.б.) қолдану кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталмауы өрттердің көбеюіне әкелуі мүмкін.

Осындай өрттердің алдын алу мақсатында жылыту пештері мен электр жылытқыш аспаптарын пайдалану кезінде қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

Жылыту маусымы басталар алдында үйлердегі пештерді тексеріп, қажет болса жөндеу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Өртке қарсы бөліктер мен шегінестер зақымдалмаған болуы керек. От жағатын тесіктің алдындағы ағаш немесе басқа жанғыш материалдан жасалған еденге көлемі 0,5×0,7 метр болатын өртке қарсы қаңылтыр төселуі қажет.

Төбеге орнатылған түтіндіктер мен түтіндік арналары өтетін қабырғалар әк-



телуі тиіс. Жыл сайын жылыту маусымы басталар алдында және маусым кезінде кемінде үш айда бір рет түтіндік пен пешті күлден тазарту қажет.

Жылыту пештері дұрыс орнатылмаған жағдайда немесе өрт қауіпсіздігі ереже-

лері сақталмаса, бұл тек өрттің шығуына ғана емес, сонымен қатар адамдардың улы газбен улануына да себеп болуы мүмкін екенін есте сақтау керек.

Хромтау ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЖК «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА»

ЖК «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА» ҚТҚ полигоны үшін экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдыр бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Кеншілер мәдениет үйі, Әйтеке би көшесі, 46Б.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні - 19.12.2025 ж. сағат 11:00.

ЖК «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА» ҚТҚ полигонының координаттары: 50°21'24.77»С, 58°46'24.33»В.

Байланыс сілтемесі: <https://erg.zoom.us/j/85758878702?pwd=Kk639O4ibax9WvaiXobaSYPM8Q88ot.1>

Конференция идентификаторы: 85758878702; кіру коды: 191792

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар: <https://ecportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 40 мекен-жайындағы «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ және expert_oos@mail.ru. электрондық мекенжайына.

Жобалау материалдарына экологиялық сараптама «Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті» ММ жүргізілетін болады.

«Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келісімі бойынша қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруды жобаның тапсырыс берушісі – ЖК «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА» жүргізеді.

Тапсырыс берушінің байланыс телефондары: +7 (771)-187-50-71

Жоспарланған қызметке тапсырыс беруші: ЖК «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА», 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Әйтеке би көшесі, 39-үй, 11-пәтер. басшысы Ковенский А.П.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ССКӨБ» АҚ, БСН: 920240000127, Рудный қ., Ленин к-сі, 26, тел.: 8 (71431)-3-17-62.

ИП «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА»

объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам заявки на получение экологического разрешения для полигона ТБО ИП «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА» Место, дата и время начала проведения общественных слушаний: Актюбинская область, город Хромтау, Дом Культуры Горняков, улица Айтеке-би 46Б.

Дата проведения общественных слушаний – 19.12.2025 г. в 11:00.

Координаты полигона ТБО ИП «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА»: 50°21'24.77»С, 58°46'24.33»В.

Ссылка на подключение: <https://erg.zoom.us/j/85758878702?pwd=Kk639O4ibax9WvaiXobaSYPM8Q88ot.1>

Идентификатор конференции: 85758878702; Код доступа: 191792

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актюбинской области» по адресу: г. Актөбе, пр.Абилкайыр Хана, 40 и на эл.адрес: expert_oos@mail.ru . Экологическая экспертиза проектных материалов будет проведена ГУ «Департамент экологии по Актюбинской области КЭРК МЭПР РК».

Организация общественных слушаний, по согласованию с ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актюбинской области», проводится заказчиком проекта – ИП «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА».

Контактные телефоны заказчика: +7 (771)-187-50-71
Заказчик намечаемой деятельности: ИП «ХРОМТАУ СПЕЦТЕХНИКА», 031100, Актюбинская область, город Хромтау, ул. Айтеке-Би дом 39 кв. 11. руководитель Ковенский А.П

Разработчик проектной документации: АО «ССГПО», БИН: 920240000127, г. Рудный, ул. Ленина, 26, тел.: 8 (71431) -3-17-62.

ЖК «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА»

ҚТҚ полигонының ықтимал әсерлері туралы есеп. Қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталатын орны, күні және уақыты: Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Кеншілер мәдениет үйі, Әйтеке би көшесі, 46Б.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні - 19.12.2025 ж. сағат 10:00.

ЖК «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА» ҚТҚ полигонының координаттары: 50°21'24.77»С, 58°46'24.33»В.

Байланыс сілтемесі: <https://erg.zoom.us/j/85758878702?pwd=Kk639O4ibax9WvaiXobaSYPM8Q88ot.1>

Конференция идентификаторы: 85758878702; кіру коды: 191792

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ecportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 40 мекен-жайындағы «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ және expert_oos@mail.ru. электрондық мекенжайына.

Жобалау материалдарына экологиялық сараптама «Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті» ММ жүргізілетін болады.

«Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келісімі бойынша қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруды жобаның тапсырыс берушісі – ЖК «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА» жүргізеді.

Тапсырыс берушінің байланыс телефондары: +7 (771)-187-50-71

Жоспарланған қызметке тапсырыс беруші: ЖК «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА», 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Әйтеке би көшесі, 39-үй, 11-пәтер. басшысы Ковенский А.П.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ССКӨБ» АҚ, БСН: 920240000127, Рудный қ., Ленин к-сі, 26, тел.: 8 (71431) -3-17-62.

ИП «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА»

объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания отчета о возможных воздействиях полигона ТБО Место, дата и время начала проведения общественных слушаний: Актюбинская область, город Хромтау, Дом Культуры Горняков, улица Айтеке-би 46Б.

Дата проведения общественных слушаний – 19.12.2025 г. в 10:00

Координаты полигона ТБО ИП «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА»: 50°21'24.77»С, 58°46'24.33»В.

Ссылка на подключение: <https://erg.zoom.us/j/85758878702?pwd=Kk639O4ibax9WvaiXobaSYPM8Q88ot.1>

Идентификатор конференции: 85758878702; Код доступа: 191792

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актюбинской области» по адресу: г. Актөбе, пр.Абилкайыр Хана, 40 и на эл.адрес: expert_oos@mail.ru . Экологическая экспертиза проектных материалов будет проведена ГУ «Департамент экологии по Актюбинской области КЭРК МЭПР РК».

Организация общественных слушаний, по согласованию с ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актюбинской области», проводится заказчиком проекта – ИП «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА».

Контактные телефоны заказчика: +7 (771)-187-50-71

Заказчик намечаемой деятельности: ИП «ХРОМТАУСПЕЦТЕХНИКА», 031100, Актюбинская область, город Хромтау, ул. Айтеке-Би дом 39 кв. 11. руководитель Ковенский А.П

Разработчик проектной документации: АО «ССГПО», БИН: 920240000127, г. Рудный, ул. Ленина, 26, тел.: 8 (71431) -3-17-62.

ЭЛЕКТР ҚОНДЫРҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Үй-жайлардағы электр қондырғылар мен тұрмыстық электр аспаптар жұмыс ауысымы аяқталған кезде тоқсыздандырылуы керек.

Кезекші жарық түсіру, өрт сөндіру және өртке қарсы сумен жабдықтау қондырғылары, өрт сөндіру және күзет-өрт сигналын бергіштер кернеуде қосылып қалуы керек.

Электр қондырғыларын пайдаланған кезде тыйым салынады:

- Электр желілері мен электр энергиясын қабылдағыштарды, бұзылулары өрттің туындауына әкелуі мүмкін электр қабылдағыштарын пайдалануға, сондай-ақ бүлінген немесе қорғаныш қасиеттері мен оқшаулауын жоғалтқан электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;
- Бүлінген және бекітілмеген розеткаларды, шаппа қосқыштарды, басқа электр қондырғы бұйымдарын пайдалануға;
- Электр шамдары мен шырағандарды қағазбен, матамен және басқа жанғыш материалдармен орауға, сондай-ақ шырағандың құрастырылымында қарастырылған қалпақтары және қорғаныш торлары алнып қалған шырағандарды пайдалануға;
- Электрмен қыздырлатын аспаптарды барлық жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті үй-жайларда қолдануға;
- Стандартты емес (қолдан жасалған) электрмен қыздырлатын аспаптарды қолдануға;
- Электр қалқандар, электр қозғалтқыштар және іске қосу аппаратурасы жанында жанғыш заттар мен материалдарды орналастыруға;
- Электр сымдар мен кабельдердің жалғаулары мен ұштарын оқшаулаусыз қалдыруға тыйм салнады.

Хромтау ауданының ТЖБ

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Открыто наследственное дело на имя Умирбекова Жасаганберген 24 июля 1958 года рождения, умершего 11 мая 2025 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул Абая 3, к нотариусу Беркимбаеву О.К.

Открыто наследственное дело на имя Гизатуллин Раис Хамитовича 17 августа 1934 года рождения, умершего 15 июля 2025 2025 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул. Есет батыр 4, к нотариусу Хайруллину Е.К.

Открыто наследственное дело на имя Морозова Александр Ивановича 04 июня 1969 года рождения, умершего 21 сентября 2025 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул Абая 3, к нотариусу Беркимбаеву О.К.

Открыто наследственное дело на имя Урынбасарова Нуркельды Жолдыбаевича 16 октября рождения, умершего 24 сентября 2025 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул Абая 1, к нотариусу Козбагарову К.К.

Пропуск на имя Колмаганбетова М.А. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Исатова А.К. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Абдушукурова Ж.Д. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Рахимова А.Ф. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Каратаевый Б.М. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Косекей А.Ж. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Ермекай М.Е. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Мурзатаева З.К. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Кумангазиева Г.А. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Скендирирова Т.Б. в связи с утерей считать недействительным.

Меншік иесі «Хромтау» газеті редакциясы» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылдың 22 желтоқсанында тіркеліп №15026-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Редакцияға түскен колжазбалар қайтарылмайды. Кей суреттер интернеттен алынады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Редакция мекенжайы:
Хромтау қаласы, Куразов көшесі, 9
телефон: 27-7-45

Хромтау

Директор-редактор Қуандық РЕЙМОВ